
Eurasian Centre for Accreditation and Quality Assurance in Higher Education and Health Care

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МАГИСТРАТУРА МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ



Негізгі ережелер

Алматы, 2025 ж.

Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МАГИСТРАТУРА МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

ECAQA

Алматы, 2025 ж.

ӘОЖ 614.2
КБЖ 51.1 (2)

«Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» Коммерциялық емес мекемесі **ӘЗІРЛЕДІ**.
7.02.2017ж. «Білім беруді және денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» КеМ Сараптама кеңесі бекіткен №1 және 17.02.2017 ж. Бас директордың №5 бұйрығымен қолданысқа енгізілген. 2025 жылы құжат қайта қаралды.

Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының (2025 жылғы 1 Қыркүйек өзгерістермен және толықтырулармен) нормалары жүзеге асырылған.

ISBN 978-601-280-958-9

Бұл стандарттар «Медицина мен денсаулық сақтаудың магистратура бағдарламаларының стандарттары» (2016 ж.) Дүниежүзілік Медициналық білім Федерациясының Халықаралық стандарттары (WFME) негізінде жасалған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің басымдылықтары мен біліктіліктің Ұлттық шеңберлеріне сәйкес өзгертілген. Магистратура мамандықтарының білім бағдарламаларының өзін өзі бағалауы, сапамен қамсыздандырудың ішкі механизмдерін анықтау мен жақсарту, ішкі құжаттаманы әзірлеу, сапа мәдениетін дамыту үшін стандарттар медициналық білім беру мекемелерімен қолданылады.

Бұл стандарттар Білім беруді және денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығының (АЕО) рұқсатынсыз толық немесе ішінара жаңартылмайды, таралымға шықпайды және таратылмайды.

ӘОЖ 614.2
КБЖ 51.1 (2)

ISBN 978-601-280-958-9

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	5
4	Белгілер мен қысқарған сөздер	11
5	Жалпы ережелер	11
6	Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын енгізудің негізгі мақсаттары	12
7	Мамандандырылған аккредиттеу сапасымен қамсыздандыру және өткізу принциптері	13
8	Мамандандырылған аккредиттеу процесінің кезеңдері мен негізгі элементтері	14
9	Аккредиттеу бойынша шешім қабылдау	16
10	Аккредиттеуден кейінгі мониторинг	17
11	Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	17
12	АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ	18
12.1	Миссия және ақырғы нәтижелер	18
12.2	Білім бағдарламасы	20
12.3	Магистранттарды бағалау	22
12.4	Магистранттар	23
12.5	Академиялық штат	24
12.6	Білім ресурстары, оқыту ортасы, жетістіктер	25
12.7	Білім бағдарламасын бағалау	26
12.8	Басқару және әкімшіліктендіру	27
12.9	Үздіксіз жақсарту	29
13	Библиография	30

EQAA

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

Негізгі ережелер

1. Қолдану саласы

1.1 Осы аккредиттеу стандарты Медициналық Білім және ғылым ұйымдарында магистратура бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының негізгі ережелері мен талаптарын айқындайды

1.2 Осы Стандарт кәсіби медициналық білім беру сапасын қамсыздандыру және денсаулық сақтау мамандарын даярлау құралы ретінде қолданылады.

1.3 Осы Стандарт Денсаулық сақтау саласындағы магистратура мамандықтарының білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу кезінде қолданылады.

1.4 Осы стандартты медициналық білім және ғылым ұйымдары қолданады:

– Білім және ғылым медициналық ұйымының мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету жүйесін сырттай бағалау үшін.

– магистратураның білім беру бағдарламасына өзін-өзі бағалау жүргізу, сапаны қамтамасыз етудің ішкі тетіктерін айқындау және жақсарту, ішкі құжаттаманы әзірлеу және сапа мәдениетін дамыту үшін.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтемелер қолданылған:

2.1 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 360 - VI ҚРЗ кодексі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы, 4 - бөлім, 25 - тарау Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі. 222 - бап. Резидентура.

2.2 2007 жылғы 27 маусымдағы "Білім туралы" ҚР № 319 - III Заңы.

2.3 2018 жылғы 30 қазандағы тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің № 595 бұйрығы.

2.4 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. 4 бағыт. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің тиімділігін арттыру. 2022 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 945 Қаулысы

2.5 Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. 2023 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 248 қаулысы.

2.6 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы (4) осы бұйрықтағы 4 - қосымшаға сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) 2022 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ - 63 бұйрығы. 2022 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 28716 болып тіркелді.

2.7 Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ - 305/2020 бұйрығы. 2020 жылғы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 21856 болып тіркелді. Жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.2023 жылғы № 72 (110 (2020 ж.)/143 Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандықтар) бұйрығымен.

2.8 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы. 2018 жылғы 13 қазандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 569 бұйрығы.

2.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы. 2018 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 600 бұйрығы. 2018 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 17650 болып тіркелді.

2.10 Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданылуын растау қағидаларын, сондай - ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында Медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы. 2020 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ - 274/2020 бұйрығы. 2020 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 21818 болып тіркелді.

2.11 Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG), 2015, Brussels, Belgium (35 p).

2.12 2012 жылғы 22 мамырдағы «Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын нысаналы даярлау тетігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының № 235 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 2018 жылғы 8 қазандағы № 551 бұйрық.

2.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу органына қойылатын талаптарды және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидаларын бекіту туралы. 2016 жылғы 1 қарашадағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 629 бұйрығы. 2016 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №

14438 болып тіркелді (жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 19.04.2024 жылғы № 177 бұйрығымен.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 319-III (01.09.2025 ж. жағдайына өзгерістермен, қосымшалармен) «Білім туралы» Заңына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады:

– **Аккредиттеу органдары** – стандарттарды (реттемелер) жасайтын және өздері жасаған стандарттар (реттемелер) негізінде білім беру мекемесінде аккредиттеуді жүргізетін заңды тұлғалар;

– **Білім беру мекемелерін аккредиттеу -** олардың сапасы туралы шынайы ақпаратты беру және оларды арттырудың тиімді механизмдерін растау мақсатымен аккредиттеу органының білім қызметтерінің аккредиттеудің белгіленген стандарттарына (реттемелер) сәйкестігін мойындау процедурасы;

– **Білім бағдарламаларын аккредиттеу** – олардың сапасы туралы шынайы ақпаратты беру және оларды арттырудың тиімді механизмдерін растау мақсатымен аккредиттеу органының білім бағдарламаларының (мамандық) аккредиттеудің белгіленген стандарттарына (реттемелер) сәйкестігін мойындау процедурасы;

– **Институциялық аккредиттеу** – аккредиттеу органының білім беру мекемесі сапасының мәлімделген мәртебе, аккредиттеу органының белгіленген стандарттарына сәйкестігін бағалау үдерісі;

– **Халықаралық аккредиттеу** – білім беру мекемелері қызметінің сапасын (институциялық аккредиттеу) және жеке білім бағдарламаларын (мамандандырылған аккредиттеу) Тізілім 1 енгізілген ұлттық немесе шетел аккредиттеу органымен жүргізілетін білім беруді сапамен қамтамасыз ету бойынша стандарттарға сәйкестігін бағалау үдерісі;

– **Ұлттық аккредиттеу–** білім беру мекемелері қызметінің сапасын (институциялық аккредиттеу) және жеке білім бағдарламаларын (мамандандырылған аккредиттеу) Тізілім 1 енгізілген ұлттық аккредиттеу органымен жүргізілетін білім беруді сапамен қамтамасыз ету бойынша стандарттарға сәйкестігін бағалау үдерісі;

– **Мамандандырылған аккредиттеу** – білім беру мекемесімен іске асырылатын жеке білім бағдарламаларының сапасын бағалау;

– **Аккредиттеу стандарттары (реттемелер)–** аккредиттеу процедурасына талаптарды қоятын аккредиттеу органының құжаттары.

– **Дублиндік дескрипторлар** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуда білім бағдарламасының әр деңгейін бітірген кезде оқушының алған білімі, ептіліктері, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттау, олар оқыту нәтижелерімен, сонымен қатар ECTS кредиттік (есеп) бірліктерінің жалпы санымен негізделеді;

– **Магистратура** – тиісті мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесінің беруімен ғылым, ғылыми-педагогикалық және басқару кадрларын дайындауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламасы;

– **Ғылыми және педагогикалық магистратура** – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесі мен тереңдетілген ғылыми-педагогикалық дайындығы бар ғылыми салаға арналған ғылым және педагогикалық кадрларды дайындау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыру;

– **Магистрант** – магистратурада оқитын тұлға;

– **Магистрлік диссертация** – бітіру жұмысы; магистранттың ғылымның тиісті саласы бойынша нақты мамандықтың өзекті мәселелерінің бірін өздігінен ғылыми зерттеп, нәтижелерін жалпы қорыту;

– **Магистр** – магистратураның білім бағдарламаларын меңгерген және көпшілік алдында магистрлік диссертацияны қорғаған тұлғаларға берілетін академиялық дәреже.

Дипломнан кейінгі медициналық білім беру сапасын жақсарту бойынша Дүниежүзілік Медициналық білім беру Федерациясының Халықаралық стандартарына сәйкес (2015, 2023 жылы қайта қарау) тиісті Стандарттарда келесі терминдер мен анықтамалар бар:

1) *Әкімшілік штат* (Стандарт 8.5) - басшылықтағы және құрылымдық бөлімшелермен басқаратын қызметкерлер, саясатты құру, саясат пен жоспарларды енгізу бойынша әкімшілік қолдауға жауапты; әкімшіліктің ұйымдық құрылымымен байланысты, оған басшылар, әкімшілік қызметкерлері, факультет декандары, қаржылық басқарудың басшылары, бюджетті жоспарлау және бухгалтерия бөлімдерінің қызметкерлері, қабылдау комиссиясының қызметкерлері, оқу барысын жоспарлау, кадрлық ресурстар мен ақпараттық технологиялар бөлімдерінің басшылары кіреді.

2) *Академиялық жетекшілік* (Стандарт 8.2) – басшылықтағы және құрылымдық бөлімшелермен басқаратын қызметкерлер, оқыту, ғылыми зерттеулерді жүргізу мен денсаулық сақтау жүйесінде қызметтерді көрсетуде академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға жауапты. Оған ректорлар, проректорлар, декандар, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелер басшылары, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының басшылары, сонымен қатар тұрақты комиссия төрағалары (магистранттарды таңдау, білім бағдарламаларын жоспарлау және магистранттарға кеңес беру үшін) кіреді.

3) *Академиялық бостандық* (Стандарт 1.2) – қызметкерлер мен магистранттар үшін пікірлерді, сұраныстарды айтудың тиісті бостандығы, зерттеулер мен жарияланымдарды жүргізу бостандығы.

4) *Академияық штаттың/мұғалімдердің теңгерімі* (Стандарт 5.1) - жоғары оқу орнында және клиникаларда бірлескен жауапкершілікпен базалық, мінез-құлық, әлеуметтік және клиникалық ғылымдарда қызметкерлердің, қызметтеріне сәйкес қосымша функциялармен

мұғалімдердің қатынасы.

5) *Медициналық және медициналық емес қызметкерлердің арасында теңгерім* (Стандарт 5.1) - медициналық емес біліммен қызметкерлер біліктілігінің жеткілікті медициналық бағыты.

6) *Үміткерлердің құндылықтары* (Стандарт 5.1) ресми біліктілік, кәсіби тәжірибе, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері, оқыту тәжірибесі және әріптестер тарапынан танылу негізінде бағаланады.

7) *Басқа мүдделі тараптар* (Стандарт 1.4.2) - оған басқа медициналық мамандықтар өкілдері, пациенттер, олардың мекемелері, қоғам өкілдері, академиялық және әкімшілік қызметкерлер, білім беру және денсаулық сақтау бойынша уәкілетті органдар, кәсіби мекемелер, медициналық ғылыми ұйымдар, сонымен қатар жоғары оқу орнынан кейінгі білімге жауапты тұлғалар кіреді.

Негізгі мүдделі тараптар (Стандарт 1.4.1) – оған ректорлар, факультет кеңесінің мүшелері, Ғылыми кеңес, Әдістемелік кеңес, оқытушылар мен студенттер құрамының өкілдері, университет әкімшілігі, уәкілетті органдар кіреді;

8) *Институциялық автономия* (Стандарт 1.2) – үкіметтен және басқа мекемелерден тиісті тәуелсіздік (аймақтық және жергілікті билік органдары, діни қауымдар, бірлескен қызметтің жеке ұйымдары, кәсіби, кәсіподақ және мүдделер бойынша басқа топтар), білім бағдарламасын жасау (Стандарт 2.1 және 2.6), білімді бағалау (Стандарт 3.1), магистранттарды қабылдау (Стандарт 4.1 және 4.2), қызметкерлерді таңдау және қабылдау (Стандарт 5.1) және еңбек жағдайлары (Стандарт 5.2), ғылыми зерттеулер (Стандарт 6.4) және ресурстарды бөлу (Стандарт 8.3) сияқты негізгі салаларда шешімдерді қабылдауға мүмкіндік болу үшін.

9) *Ақпараттық қолдау* (Стандарт 4.3) – ішкі тәртіп ережелері, барлық қызметтердің жұмыс тәртібі, телефон анықтамалығы, әкімшілердің, профессорлар-мұғалімдер құрамының деректері, оқытуға төлеу тәртібі, білім курстары туралы ақпарат, мұғалімдердің электрондық мекенжайлары, оқыту нәтижелерін бағалау үшін айқын өлшемдер, сонымен қатар оқу барысында негізгі саясат туралы ақпарат, қолжетімді ақпараттық материалдар: жұмыс бағдарламалары, магистранттарға силлабустар, білім бағдарламалары бойынша анықтамалықтардың, соның ішінде таңдамалық тәртіптер тізімдемесінің болуы.

10) *Оқытудың түпкі нәтижелері немесе құзыреттер* (Стандарт 1.3) оқыту мерзімінің аяғында магистранттар білімдерін, дағдыларын және байланыстарды көрсету керек.

11) *Материалдық-техникалық база* (Стандарт 6.1) оған дәріс залдары, оқу бөлмелері, оқу және ғылыми зертханалар, клиникалық дағдылардың зертханалары, мұғалімдер бөлмелері, кітапханалар, ақпараттық технологиялар және құралдар, адекватты оқу бөлмелері, демалу холлы, көлік құралдары, оқушыларға қоғамдық тамақтандыру, жатақханалар, магистранттар мен студенттердің жеке заттарын сақтауға арналған қораптар, спорт құралдары, демалу бөлмелері сияқты магистранттардың демалуына

жағдайлар кіреді.

12) *Менеджмент* (Стандарт 8.4) – институциялық және бағдарламалық саясатты, соның ішінде экономикалық, ұйымдық қатысу, медициналық білім беру мекемесінде ресурстарды бөлу және қолдануды енгізумен байланысты әрекет және/немесе құрылым. Институциялық және бағдарламалық саясатты енгізу бұл міндет, білім бағдарламасы, магистранттарды қабылдау, қызметкерлерді таңдау, қабылдау және сыртқы қатынастардың саясатына қатысты саясатты және жоспарларды орындау.

13) *Оқыту әдістері* (Стандарт 2.1) оған дәрістер, шағын топтарда оқыту (TBL), мәселеге бағытталған оқыту (PBL), клиникалық жағдайлар негізінде (CBL) оқыту, тәжірибе мен лабораториялық сабақтар, ауру адамның төсегінде оқыту, нақты пациенттің қатысуымен клиникада оқыту, оқу-клиникалық орталықтарында (SBL) клиникалық дағдыларға үйрету, алғашқы медикалық-санитарлық көмек жағдайларында оқыту, web-технологияның қолданылуымен оқыту кіреді.

14) *Миссиясы* (Стандарт 1.1) білім мекемесі мен білім бағдарламарының басқа аспекттерімен байланысты жан-жақты қамтылған негізді қамсыздандырады. Міндетке институциялық, ұлттық, аймақтық, ғаламдық саясатпен байланысты жалпы және нақты мәселелер, білім мекемесінің көрінісі жатады.

15) *Үздіксіз медициналық білім беру/үздіксіз кәсіби даму* (Стандарт 1.1) – базалық және дипломнан кейінгі медициналық білім алудан кейін өмір бойы үздіксіз оқу және пациенттердің талаптарына жауап беру мақсатымен өз білімдерін, дағдыларын және қатынастарын ұстану, жаңарту, дамыту және жетілдіру үшін дәрігерлермен атқарылатын ресми және ресми емес шаралар. ҮКД ҮМБ-ге қарағанда кеңінен қолданылады және оған медициналық тәжірибеде білім мен дағдыларды үздіксіз дамыту жатады.

16) *Білім беру бағдарламасы* (Стандарт 2) – оқытуда күтілетін нәтижелер, мазмұны (силлабус), тәжірибе мен бағдарламалар үдерістері, соның ішінде жоспарланған оқыту әдістер құрылымының сипаттамасы, бағалау әдістері. ББ-да магистранттардың қандай білім, дағдылар мен қатынастарға жеткендігі анықталу керек.

17) *Өмір бойы оқыту* (Стандарт 1.1.2) қызметті бағалау, аудит, өзінің клиникалық тәжірибесін талдау немесе үздіксіз кәсіби даму (ҮКД)/ үздіксіз медициналық білім беру (ҮМБ) бағдарламалары арқылы үнемі өз білімдері мен дағдыларын дамытудың кәсіби жауапкершілігі.

18) *Білім бағдарламасын бағалау* (Стандарт 7) – медициналық білім беру мекемесі мен оның білім бағдарламасының тиімділігін және адекваттылығын зерттеу үшін ақпаратты жүйелік жинау үдерісі. Міндеттерге және пәндердің оқу бағдарламалары, соның ішінде оқытудың түпкі нәтижелеріне қатысты білім бағдарламасы немесе бағдарламаның негізгі аспекттерінің сапасын растау мақсатымен жинау және деректерді талдаудың сенімді және анықталған әдістерін қолдану жатады. Білім бағдарламасын бағалауға сарапшыларды тарту ЖОО-да білім сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады.

19) *Қызметкерлерді таңдау және қабылдау саясаты* (Стандарт 5.1) - білім бағдарламасын іске асыру, сонымен қатар тиісті пәндерде немесе зерттеу салаларында зерттеушілердің жеткілікті саны жоғары деңгейде болу мақсатымен биомедициналық, мінез-құлық және әлеуметтік ғылым саласында жоғары білікті ғалымдардың, клиницисттердің тиісті санымен қамтамасыз ету.

20) *Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану саясаты* (Стандарт 6.3) оған жатады:

- Компьютерлерді, ішкі және сыртқы компьютер желілері мен басқа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану;
- Кітапхана қорларымен және жоғары оқу орнының ақпараттық технология қызметтерімен координация;
- Электрондық басқару жүйесі арқылы барлық білім ресурстарына жалпы қолжетімділік, ҮМБ және ҮҚД арқылы өмір бойы оқу мен дәлелді медицина бойынша магистранттарды дайындауға пайдалы.

21) *Құрылымдық бөлімшенің өкілеттігі* (Стандарт 2.4), оқу бағдарламаларына жауапты, оған жатады:

- Жеке бөлімшелер мен пәндердің мүдделеріне басымдылық;
- Жоғары оқу орнының жетекші органдарымен немесе мемлекеттік уәкілетті органдармен бекітілген ережелер шеңберінде білім бағдарламасын бақылау.

22) *Теңдік қағидасы* (Стандарт 2.1.1) – физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан оқушыларға бірдей қарау.

23) *Қоғамның денсаулық мәселелері* (Стандарт 1.1.4) – денсаулық сақтау және денсаулық сақтаудың бір бірімен байланысты секторлары саласында жергілікті қоғаммен өзара әрекеттесу, сонымен қатар білім бағдарламасына қоғамның денсаулық мәселелерін қосу.

24) *Кәсіби дағдылар* (Стандарт 2) – пациенттерді жүргізу, командада жұмыс істеу, жетекшілік және кәсіпаралық дайындық дағдылары.

25) *Денсаулық сақтау секторы* (Стандарты 1.1.1) – мемлекеттік және жеке деңгейлерде медициналық көмек көрсету жүйесі және медициналық ғылыми-зерттеу мекемелері.

26) *Сервистік қызметтер* (Стандарт 4.3) магистранттардың білім, жеке және мансапты талаптарын қанағаттандыруға бағытталған: жатақханалар, асханалар, медициналық орталықтар, спорт залдар, компьютерлік орталықтар, кітапханалар, сонымен қатар жұмысқа орналастыру мен мансапты жоғарылау бойынша тиімді жұмыстарға арналған қызметтер.

27) *Денсаулық сақтау секторымен байланысты құрылымдар* (Стандарт 8.1.3) – денсаулықты нығайту мен аурулардың алдын алуға қатысты мекемелер мен реттегіш органдар .

28) *Біріктірілген оқытуға жәрдемдесу* (Стандарт 3.2.2) жеке пәндер мен пән салаларының білімдерін бағалауда біріктірілген бағалау қолданылады.

29) *Әлеуметтік жауапкершілік* (Стандарт 1.1.3):

- Қоғам, пациенттер, денсаулық сақтау жүйесі мен денсаулық сақтаудың бір бірімен байланысты секторларының талаптарына жауап қайтару мүмкіндігі және дайындығы;
- Денсаулық сақтау, медициналық білім беру және зерттеулер жүйесіне біліктілік әдісін енгізу арқылы ұлттық және халықаралық деңгейлерде медицинаның дамуына үлесін қосу;
- Университет автономиясын есепке алып, жеке қағидаларда негізделу керек.

30) *Басқару* (Стандарт 8.1) – медициналық білім беру мекемесін басқару әрекеті және/немесе құрылымы. Басқару саясатты құру, жалпы институциялық және бағдарламалық саясатты орнату үдерістеріне, сонымен қатар саясатты іске асыруды бақылауға қатысты. Әдеттегідей, институциялық және бағдарламалық саясат медициналық білім берудің міндеттері, білім бағдарламасы, магистранттарды қабылдау саясаты, қызметкерлерді таңдау және қабылдау туралы шешімдерді қамтиды, өзара әрекеттесу, медициналық тәжірибемен және денсаулық сақтау секторымен байланыс, сонымен қатар басқа сыртқы жағдайлар мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау.

4. Белгілер мен қысқарған сөздер

Осы стандартта қысқартулар қолданылады:

АК – Аккредиттеу кеңесі
ӘБҚ – әкімшілік- басқару қызметкерлері
ЖОО – жоғары оқу орны
ССК – сыртқы сараптау комиссиясы
ДМБФ – Дүниежүзілік медициналық білім беру Федерациясы (WFME)
ДДҰ – Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы
БММС – Білім берудің мемлекеттік міндетті стандарты
АЕО – «Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» Коммерциялық емес мекемесі
ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі
ҚР ҒБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары Білім Министрлігі
ҮКД – үздіксіз кәсіби даму
ҮМБ – үздіксіз медициналық білім беру
ББ – білім бағдарламасы
ПМҚ – профессорлар –мұғалімдер құрамы
АМСК – алғашқы медикалық-санитарлық көмек
ҚР – Қазақстан Республикасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
СК – Сараптама кеңесі
AMSE – Еуропа медициналық мектептерінің қауымдастығы (Германия)

ORPHEUS – Еуропалық жүйеде биомедицина және өмір туралы ғылымдардағы PhD білім беру ұйымы

5. Жалпы ережелер

5.1 Медициналық білім беру мекемелерін мамандандырылған аккредиттеу осы стандарттардың негізгі ережелері мен талаптарына сәйкес жүргізіледі:

Стандарт 1 «Міндеттері мен түпкі нәтижелері»;

Стандарт 2 «Білім бағдарламасы»;

Стандарт 3 «Магистранттарды бағалау»;

Стандарт 4 «Магистранттар»;

Стандарт 5 «Академиялық штат»;

Стандарт 6 «Білім ресурстары, оқыту ортасы және жетістіктер»;

Стандарт 7 «Білім бағдарламасын бағалау»;

Стандарт 8 «Басқару және әкімшіліктендіру»;

Стандарт 9 «Үздіксіз жетілдіру».

5.2. Денсаулық сақтау жүйесінің ұлттық сипаттамасын, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында кәсіби білім беруді есепке алып, мамандандырылған аккредиттеу стандарттары «Медицина мен денсаулық сақтаудың магистратура бағдарламаларының стандарттары» (2016 ж.) Дүниежүзілік Медициналық білім Федерациясының Халықаралық стандарттарына (WFME) негізделген.

5.3. Медициналық білім беру мекемесін мамандандырылған аккредиттеу стандарттары денсаулық сақтау саласында магистратураның барлық бағдарламаларын аккредиттеуге арналған және оған қол жеткізудің екі деңгейлі стандарттары: базалық стандарт және сапаны жақсарту стандарты жатады. Осы стандарттарды орындау, кейбір немесе барлық стандарттарды орындау бойынша бастамалар медициналық білім беру мекемелерімен құжатпен расталу керек.

5.4 Аккредиттеу туралы шешім медициналық білім беру мекемелерін мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарын орындау сәйкестігіне АЕО ССК ұсынылған білім бағдарламасын сыртқы бағалау нәтижелері негізінде Аккредиттеу кеңесімен қабылданады.

5.5 Аккредиттеу кеңесі медициналық білім беруді аккредиттеу бойынша ДДСҰ/ДМБФ жетекшілік қағидаларына сәйкес құрылған және оларға ҚР Парламентінің өкілдері, ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, денсаулықты сақтау мекемелері мен органдары, медициналық білім беру мекемелері, ғылыми мекемелер, кәсіби қауымдастықтар, жұмыс берушілер, жұртшылық, магистранттар және халықаралық сарапшылар кіреді.

6. Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын енгізудің негізгі мақсаттары

6.1 Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын енгізудің негізгі мақсаттары бұл

6.1.1 институциялық және ұлттық деңгейде жоғары кәсіби білім беру

сапасын қамтамасыз етудің ең жақсы халықаралық тәжірибе қағидаларымен үйлесетін ішкі және сыртқы сапамен қамтамасыз етудің жүйесін енгізу;

6.1.2 магистранттармен, академиялық қызметкерлермен, медициналық білім беру мекемесінің басшылығымен және ӘБҚ қолданатын сапа мәдениетін дамытуда көмектесу;

6.1.3 аккредиттеу стандарттарының талаптарын орындау сәйкестігін сыртқы бағалау және медицина саласында білім бағдарламасының сапасына кепілдік;

6.1.4 тез өзгертілетін шарттар мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес білім бағдарламасының сапасын үздіксіз жақсартуда, ресурстармен қамтамасыз етуде, жоғары кәсіби білімнің ұлттық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге көмектесу;

6.1.5 білім беру және денсаулық сақтау саласында медициналық білім беру мекемесінің білім бағдарламасын аккредиттеу нәтижелері туралы жұршылыққа және уәкілетті органдарға расталған ақпарат беру арқылы мемлекеттің, қоғамның мүдделерін және тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

7. Мамандандырылған аккредиттеу сапасымен қамтамасыз ету және өткізу принциптері

7.1 Жоғары кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз ету және сыртқы бағалау келесі қағидаларда негізделген:

7.1.1 еріктілік – аккредиттеу үдерісі ерікті түрде жүргізіледі және медициналық білім беру мекемесі институциялық автономияны мойындайды;

7.1.2. жауапкершілік – аккредиттеу үдерісі жауапкершілік, қатынастар мен мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті (ЖОО, магистранттар, кәсіби ұйымдар және денсаулық сақтау мамандары, мемлекет) анықтайды, құзыретті сарапшылардың қолдауымен келісілген стандарттармен және нұсқаулықтармен, қажетті ресурстармен және аккредиттеу жүйесін дамыту үшін инновациялармен қамтамасыз етіледі;

7.1.3 айқындық – барлық мүдделі тараптарға үдерістер, процедуралар, аккредиттеу стандарттары, өзін өзі бағалау және сыртқы бағалау нұсқаулықтары бойынша ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етіп, ішкі және сыртқы бағалау ашық және айқын өтеді;

7.1.4 тәуелсіздік – сыртқы бағалау, аккредиттеу туралы шешімдердің үшінші тұлғаларға қарамастан (уәкілетті және мемлекеттік органдар, медициналық білім беру мекемесінің әкімшілігі және қоғамдық пікір) расталған ақпарат және сыртқы сараптамалық бағалау нәтижелері негізінде қабылдануы;

7.1.5 әділдік – бағдарламалық ерекшеліктерді, сыртқы бағалау нәтижелері мен ССК ұсыныстары негізінде аккредиттеу бойынша шешімдердің қабылдауын есепке алып, белгіленген өлшемдер мен аккредиттеу стандарттарының қолдануымен сыртқы бағалау;

7.1.6 құпиялылық – ұсынылған ақпарат, мамандандырылған өзін өзі

бағалау туралы есептеменің деректері, білім бағдарламасын сыртқы бағалау кезінде алынған ақпарат қатаң құпиялы;

7.1.7 тиімділік – сыртқы бағалау түпкі нәтижеге бағытталған, ол білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз етудің ішкі ортасы мен механизмдерін жетілдіруге, сапа мәдениетін дамытуға мүмкіндік туғызады және сапамен қамтамасыз етудің ішкі, сыртқы механизмдері арасында өзара байланысты қамтамасыз етеді.

8. Мамандандырылған аккредиттеу процесінің кезеңдері мен негізгі элементтері

8.1 Аккредиттеу үдерісіне келесі негізгі элементтер мен кезеңдер жатады:

8.1.1 медициналық білім беру мекемесімен аккредиттеу органына өтініштің және білім бағдарламасының қысқаша сипаттамасының берілуі;

8.1.2 процедуралардың құны мен орындау мерзімдерін көрсете отырып, аккредиттеу органы мен медициналық білім беру мекемесі арасында білім бағдарламасын аккредиттеу туралы екі жақты келісім шартқа қолдардың қойылуы;

8.1.3 осы стандарттың өлшемдері мен талаптарына сәйкес білім бағдарламасының өзін өзі бағалау және аккредиттеу органына өзін өзі бағалау туралы есептемені ұсыну процедурасы;

8.1.4 аккредиттеу органында білім бағдарламасының өзін өзі бағалау туралы есептемені қарастыру және рецензиялау;

8.1.5 сыртқы бағалау процедурасы – білім бағдарламасының сыртқы бағалауын жүргізетін, Аккредиттеу кеңесіне ұсыныстар мен есептемені жасайтын ССК-ның медициналық білім беру мекемесіне баруы;

8.1.6 ССК (ССК қорытынды есептемесі) жұмыс нәтижелері бойынша материалдарды дайындау және оларды Аккредиттеу кеңесіне беру;

8.1.7 ССК берілген материалдар мен ұсыныстар негізінде білім бағдарламасын аккредиттеу бойынша мәселені қарастыру және Аккредиттеу кеңесінің аккредиттеу органымен соңғы шешімді қабылдау;

8.1.8 оң шешім жағдайында, аккредиттеу органының веб-сайтында білім бағдарламасын аккредиттеу бойынша қысқаша есептеменің жарияланымы;

8.1.9 ССК есептемесіндегі ұсыныстар негізінде медициналық білім беру мекемесімен ескертулердің жойылғандығын тексеру үшін келесі процедуралар;

8.2 Мамандандырылған аккредиттеу рәсімі мекеме өтініші бойынша медициналық білім беру мекемесінің қаржы қаражаттары есебінен «Білім туралы» ҚР 27 маусым 2007 ж. № 319-III (01.09.2025 ж. жағдайына өзгерістермен, қосымшалармен) Заңына сәйкес жүргізіледі;

8.3 Өзін өзі бағалау кезінде аккредиттеу органы медициналық білім беру мекемесіне кеңес беру қызметтерін көрсетеді, соның ішінде алдын ала келісім бойынша оқу семинарын жүргізу;

8.4 Өзін-өзі бағалау рәсімі аяқталғаннан кейін медициналық білім беру ұйымы болжамды сапарға дейін 2 айдан кешіктірмей аккредиттеу органында бастапқы сараптама жүргізу және жақсарту бойынша ұсынымдар шығару үшін аккредиттеу органына қазақ немесе орыс тілдеріндегі өзін-өзі бағалау бойынша есептің бір данасын жібереді. Бұл процедура 2 аптадан аспайды және есепті жақсарту бойынша ұсыныстар алғаннан кейін медициналық білім беру ұйымы бір апта ішінде түзетулер енгізеді. Өзін-өзі бағалау бойынша есепті түзету жүргізілгеннен кейін медициналық білім беру ұйымы аккредиттеу органына есептің түпкілікті нұсқасын әрқайсысының үш тілінде (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) 3 данада береді. Есептердің барлық даналарына медициналық білім беру ұйымының бірінші басшысы қол қоюы тиіс;

8.5 Медициналық білім беру мекемесіне барар алдында есептемелер сараптау тобының барлық мүшелерімен тексеріледі. Түзету шараларын өткізу үшін есептемелерге рецензиялар медициналық білім беру мекемесімен беріледі, содан кейін мамандандырылған өзін өзі бағалау нәтижелерінің дұрыстығын бағалау үшін ССК келеді;

8.6 Медициналық білім беру мекемесіне ССК бару мерзімдері аккредиттеу органымен анықталады және 2-4 күн құрайды;

8.7 ССК құрамы сарапшылардың дерекқорларымен қалыптастырылған, аккредиттеу органымен сертификатталған, сонымен қатар жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдармен/орталықтармен, кәсіби қауымдастықтармен, қоғамдық бірлестіктермен және жұмыс берушілермен ұсынылған.

8.8 Медициналық білім беру мекемесінде ССК жұмыс тәртібі аккредиттеу органымен бекітілген медициналық білім беру мекемесіне барған кезде сыртқы бағалау бойынша нұсқаулық және стандартқа сәйкес орындалады;

8.9 Білім беру бағдарламасын сырттай бағалау қорытындылары туралы қорытынды есепті сарапшылар аккредиттеу органына ССК сапары аяқталғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады. Қорытынды есепте міндетті түрде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының, БММС және аккредиттеу стандарттарының орындалуын бағалау, сондай-ақ білім беру ұйымының қызметін және оның бағдарламасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар қамтылуға тиіс. Осыдан кейін аккредиттеу органы аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу кезеңінде ССК ұсынымдары бойынша түзету іс шараларының жоспарымен танысу және әзірлеу үшін ұсынымдармен есепті білім беру ұйымына жібереді;

8.10 Білім бағдарламасының өзін өзі бағалауы бойынша есептеме, сыртқы сараптау комиссиясының қорытынды есептемесі, жоғарыда көрсетілген құжаттарды талдау, аккредиттеу органының ұсыныстары негізінде Аккредиттеу кеңесімен шешімдер қабылданады. Сыртқы сараптау комиссиясының есептемесі және аккредиттеу органының ұсыныстары Аккредиттеу кеңесінің шешімдерді қабылдауға қажетті шарттары болып

табылады.

9. Аккредиттеу бойынша шешім қабылдау

9.1. Аккредиттеу Кеңесі аккредиттеу бойынша мынадай шешімдер қабылдайды:

1) Толық аккредиттеу - 5жыл мерзіміне аккредиттеу;
2) 3 жыл мерзімге аккредиттеу (жаңа білім беру бағдарламалары үшін);
3) Шартты аккредиттеу - ЖОО қайталама келумен шартты түрде 1 жылға аккредиттеу;
4) аккредиттеуден бас тарту;
5) аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алу

9.2 Егер аккредиттеудің барлық стандарттары орындалса және білім беру ұйымы келесі кезеңге – аккредиттеуден кейінгі мониторингке көшсе, максималды кезеңге толық аккредиттеу туралы шешім қабылданады.

9.3 Әлі түлектері шықпаған немесе сыртқы бағалау кезінде студенттер тобы жоқ және бастапқы аккредиттеуден өтіп жатқан жаңа білім беру бағдарламаларына қатысты үш (3) жыл мерзімге шешім қабылданады. Бұл шешім аккредиттеудің негізгі стандарттары сақталған және сарапшылық қорытындыда ескертулер болмаған жағдайда қабылданады. Мұндай жағдайда білім беру ұйымы келесі кезеңге – аккредиттеуден кейінгі мониторингке көшеді.

9.4 1 (бір) жыл кезеңіне шартты аккредиттеу туралы шешім, егер стандарттардың басым бөлігі ішінара орындалса немесе 9 стандарттың кем дегенде біреуі орындалмаса, сол аккредиттеу органы қайта сыртқы бағалау жүргізу шартымен қабылданады, ал проблемалардың ауырлығы ССК қорытынды есебінде және шартты аккредиттеу туралы шешімнің негіздемесінде көрсетіледі. Бұл ретте білім беру ұйымы жылдың шешім қабылданған күнінен кейінгі мерзім ішінде ССК ұсынымдары (ескертулері) бойынша түзету іс-шараларын жүргізеді, аккредиттеу туралы жаңа шарт шеңберінде білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебін жасайды және осы аккредиттеу стандарттарының 8.4-тармағының талаптарына сәйкес шартты аккредиттеу туралы шешім қабылдаған аккредиттеу органына өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті береді. Білім беру бағдарламасын аккредиттеуді жүргізу мерзімдері мен шарттары жаңадан жасалған және жасалған аккредиттеу туралы шартта жазылады.

9.5 Егер стандарттардың көп бөлігі орындалмаса, аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылданады, бұл бірнеше жыл қажет болатын кемшіліктер мен мәселелердің ауырлығын білдіреді. Білім беру ұйымы аккредиттеу рәсіміне білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы теріс шешім қабылданғаннан кейін кемінде бір жыл өткен соң кірісуге құқылы.

9.6 Білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы куәлікті оның қолданылу кезеңінде кері қайтарып алу туралы шешім мынадай жағдайларда қабылданады:

9.6.1 білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламасы лицензиясының және/немесе медициналық білім беру ұйымының білім беру қызметіне лицензияның қолданылуын тоқтата тұруы;

9.6.2 білім беру саласындағы уәкілетті органның медициналық білім беру ұйымының білім беру қызметіне бас лицензияны қайтарып алуы;

